

ҚҰЛ СІЛДІ

«Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ММ директоры м/а  
Б.Х. Абдікерова  
«16» 2021ж.

КЕЛІСТІ

«Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ басшысы  
Б.Б. Ақылбеков  
«16» 2021ж.

БЕКІТЕМІН

«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры  
Г.Е. Жунусова  
«16» 2021ж.

## «Шабал Бейсенбекова оқуы - 2021» облыстық педагогикалық оқуының ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер.

1.1. Осы Ереже «Шабал Бейсенбекова оқуы - 2021» облыстық педагогикалық оқуын өткізудің ұйымдастыру шарттарын (бұдан әрі «Педагогикалық оқу») анықтайды, мақсаттар мен міндеттерін және қатысу тәртібін белгілейді.

1.2. «СССР ағарту саласы үздігі» төсбелгісі, «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, «Қарағанды облысы білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісі, «Құрмет» ордені иегері Шабал Бейсенбековаға арналады.

### Педагогикалық оқуды ұйымдастырушы:

«Қарағанды облысы білім басқармасы» ММ, «Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу – әдістемелік орталығы» ММ қолдауымен «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ.

### Педагогикалық оқудың мақсаты:

Шабал Бейсенбекованың жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудағы озық тәжірибелерін тарату арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау.

### Міндеттері:

- білім беру ұйымдары педагогтерінің өзара озық тәжірибелерімен бөлісу;
- ұлттық құндылықтарды құрметтей алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру.

### II. Педагогикалық оқудың мазмұны мен формалары:

2.1. Педагогикалық оқулардың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін: білім беру ұйымдарының барлық деңгейіндегі тәрбиелеу мен оқытудың өзекті мәселелері бойынша секциялық жұмыстар, инновациялық жобалар қорғау, шеберлік - сыныптар өткізу, тәжірибе тарату.

### 2.2. Педагогикалық оқудың бағыттары:

- Гуманитарлық білім берудегі тиімді педагогикалық технологиялар;
- Білім беру үрдісіндегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері;



- Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы эстетикалық тәрбие.

### III. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу форматы:

3.1. Педагогикалық оқулардың кезеңдері:

**1-кезең. (сырттай)** Жұмыстар 10 наурызға дейін қабылданады.

**2-кезең.** 1-кезеңнен өткен жұмыстар қорғауға жіберіледі (**On-line ZOOM** платформасында өтеді).

**Қорғау күні – 30 наурыз, 2021 жыл**

3.2. Педагогикалық оқуды өткізу үшін ұйымдастыру алқасы құрылады.  
**Ұйымдастыру алқасы келесі жұмыстарды ұйымдастырады:**

- Сараптамалық кеңес тобы педагогикалық оқуға ұсынылған материалдарды тексереді, сараптайды, екінші кезеңге ұсынады;
- педагогикалық оқудың II кезең шараларын жоспарлайды, жұмыстарын үйлестіреді.

### IV. Педагогикалық оқуларға қатысу тәртібі:

4.1. Педагогикалық оқуға облыстың білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

4.2. Педагогикалық оқуға қатысушылар жеке немесе авторлық ұжым орындаған жұмыстарды ұсына алады.

4.3. Педагогикалық оқудың бағыттарына сәйкес қатысушылар баяндамалар, ғылыми және инновациялық жобалар, авторлық бағдарламалар және оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-тәжірибелерімен бөліседі.

4.4. Педагогикалық оқудың 2-кезеңінде қатысушылар жұмыстарын қорғайды (презентация, макеттер, мануалдар, кітапшалар, көрнекіліктер, т.б.).

4.5. Мерзімінен кеңітірілген материалдар қабылданбайды, ұсынылған жұмыстар антиплагиатқа тексеріледі. **Шынайылығы – 60% кем болмау қажет!**

4.6. Қатысушының сұранысы мен жұмысы бірге қабылданады. Сұраныс пен материалдар бір файлда архивтендіріліп жіберілуі керек (Қосымша -1).

### V. Ұсынылатын материалдарды бағалау өлшемдері:

- жұмыс мазмұнының Педагогикалық оқу бағыттарына сәйкестігі;
- жұмыс тақырыбының өзектілігі;
- қарастырылатын мәселенің мазмұндылығы және нақтылығы;
- тақырып өзектілігінің және зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі;
- жаңашылдығы;
- болашақта тәжірибеге енгізу мүмкіндігі;
- материалды ұсынудың қисындылығы және жүйелілігі;
- қорғау регламентінің сақталуы (5-7 минут).

### VI. Педагогикалық оқуға ұсынылған материалдарға қойылатын талаптар:

6.1. Жұмыс компьютерде теріледі Microsoft Office Word (қарпі-14 Times New Roman, жоғарылық интервал – 1, сол жақтан – 3 см, оң жақтан – 1,5 см, жоғарыдан және төменнен – 2 см, сілтеме мәтін ішінде жасалынады, сыртқы бетінің қарпі-14); көлемі 5 беттен аспауы керек. Беттер нөмірленбейді.

6.2. Жоғары жағының ортасынан-тасымалсыз жазба әріптерімен, жартылай қалың жұмыс тақырыбы; одан әрі бір жолдан кейін оң жағына қарай автордың толық аты-жөні, одан әрі бір жолдан кейін ғылыми атағы, одан әрі бір жолдан кейін оқу орны,



одан әрі бір жолдан кейін мақала мәтіні. Пайдаланылған әдебиет сілтемелері тік жақшамен алынады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалдау қойылмайды.

6.3. Суреттердің көлемі мақаланың ¼ көлемінен аспауы тиіс. Суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер *TIFF* немесе *JPG* кеңейтуімен бір файлда жіберіледі. Мәтінде әрбір суретке сілтемесі болуы тиіс (Қосымша-2).

#### **VII. Қорытындылау, қатысушыларды марапаттау:**

7.1. Педагогикалық оқудың қорытындысы бойынша қатысушылардың жұмыстары мен мақалалары Сәтбаев қаласының білім бөлімінің (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu-satpaev/about?lang=kk>) және Қарағанды облысы оқу – әдістемелік орталығының сайтында жарияланады (<https://umckrg.gov.kz/>), электронды жинақ шығарылады.

7.2. Педагогикалық оқудың жүлдегерлері арнайы дипломдармен марапатталады және барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

#### **VIII. Сараптамалық кеңес құрамы:**

1. Абдикерова Б.Х. – «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ММ директорының міндетін атқарушы;
2. Жаркеева Г.Б. - «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ММ әдіскері;
3. Жолдыбаева Д.С. - Қарағанды облысы білім басқармасы «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі;
4. Жарылғапова Қ.А. – Қарағанды облысы білім басқармасы «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері;
5. Дүйсен Л.Б. - Қарағанды облысы білім басқармасы «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері;
6. Сейпишева Т.С. – Қарағанды облысы білім басқармасы «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері;
7. Бұқар А.О. – Сәтбаев қаласы С.Сейфуллин атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
8. Абдиқаримов І.Қ. – №5 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
9. Мейрманова А.Т. - Сәтбаев қаласы С.Сейфуллин атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

#### **IX. Педагогикалық оқуды ұйымдастырушылар:**

Байланыс телефондары: 8(710-63) 3-49-80; 87771383970;

Электрондық пошта адресі: [zharylgapova.Kuralay@bk.ru](mailto:zharylgapova.Kuralay@bk.ru). [Satpqqoo.@mail.ru](mailto:Satpqqoo.@mail.ru)



**«Шабал Бейсенбекова оқулары - 2021»  
облыстық педагогикалық оқуға  
СҰРАНЫС**

Автордың аты-жөні(толық)	
Ғылыми атағы	
Жұмыс орны	
Қызметі	
Жұмыс бағыты (секция атауы)	
Мақаланың атауы	
Байланыс телефоны	
E-mail	

**Қосымша-2**

**Мақаланы рәсімдеу үлгісі**

**АРНАЙЫ ПӘН САБАҚТАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ  
ЗАМАНАУИ БЕЛСЕНДІ СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

*Асанова Эльмира Камардинқызы,  
«Білім» гуманитарлы-техникалық  
колледжінің арнайы пән оқытушысы*

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [1]... Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [2]... Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [3] ... Мақала мәтіні.

**Қолданылған әдебиеттер:**

- 1.
- 2.

**ЕСКЕРТУ:**

- Сұранысқа «Шабал Бейсенбекова оқуы-2021» деп міндетті түрде жазылу керек.
- Педагогикалық оқудың бағыттарын мақаланың тақырыбы ретінде алуға болмайды.